

БІЛІМДІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ №2

1. Әрбір адамның жұмыс жағдайында, бос уақытта және қарым-қатынас үшін сандық технологияларды сенімді, тиімді пайдалана алуы; ақпаратты сақтай алуы, ақпаратпен алмасу, ғаламтор арқылы желілік байланысқа шығу, алғашқы ақпараттық дағдыларды игеруі – бұл:

- A) цифрлық құзыреттілік
- B) цифрлық сауаттылық
- C) цифрлық дағды
- D) цифрлық білім беру
- E) кәсіптік білім беру мен оқытуды цифрландыру

2. Білім беру процесінің әртүрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелердің ашық жиынтығы – бұл:

- A) цифрлық білім беру ортасы
- B) ғылыми орта
- C) трансформациялау
- D) коллаборация
- E) зерттеушілік орта

3. Білім беру қызметтерінің әрбір тұтынушысы үшін ақпараттық жүйелерді пайдалану, оларды ауыстыру немесе жаңа компоненттерді қосу мүмкіндігінің болуы– бұл:

- A) ашықтық принципі
- B) қолжетімділік принципі
- C) бәсекелестік принципі
- D) табыстылық принципі
- E) жауапкершілік принципі

4. Интернет желісінің көмегімен нақты білім алушы үшін цифрлық білім беру ортасының коммерциялық және коммерциялық емес элементтерінің шектеусіз функционалдығын қамтамасыз етуді көздейді – бұл:

- A) қолжетімділік принципі
- B) ашықтық принципі
- C) бәсекелестік принципі
- D) табыстылық принципі
- E) жауапкершілік принципі

5. Цифрлық білім беру ортасын бәсекелес технологиялармен толық немесе ішінара ауыстыру еркіндігін қамтамасыз етуді білдіреді – бұл:

- A) бәсекелестік принципі
- B) ашықтық принципі
- C) қолжетімділік принципі
- D) табыстылық принципі
- E) жауапкершілік принципі

6. Әрбір білім беру субъектісінің өз жауапкершілігі шеңберінде ақпараттандыру міндеттерін шешу құқығын, міндетін және мүмкіндігін қамтамасыз етуі, сабақтас ақпараттық жүйелерге қатысты міндеттерді келісуге қатысуы– бұл:

- A) жауапкершілік принципі
- B) ашықтық принципі
- C) қолжетімділік принципі

- D) табыстылық принципі
- E) бәсекелестік принципі

7. Цифрлық білім беру ортасын енгізудің арқасында жаңа мүмкіндіктерді қалыптастыру және пайдаланушының еңбек шығындарын азайтуды білдіреді – бұл :

- A) табыстылық принципі
- B) ашықтық принципі
- C) қолжетімділік принципі
- D) жауапкершілік принципі
- E) бәсекелестік принципі

8. Ақпараттық жүйе құрамының білім беру қызметтерін тұтынушының мақсаттарына, өкілеттіктері мен мүмкіндіктеріне сәйкестігін қамтамасыз етуді көздейді – бұл:

- A) жеткіліктілік принципі
- B) ашықтық принципі
- C) қолжетімділік принципі
- D) жауапкершілік принципі
- E) бәсекелестік принципі

9. Цифрлық білім беру ортасының ішкі жүйелері: ақпараттық білім беру ресурстары; бағдарламалық құралдар; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың құралдары; компьютерлік техника және байланыс құралдары; педагогикалық технологиялар,

- A) оқу процесін ұйымдастыру
- B) жасанды интеллект
- C) телекоммуникациялық технологиялар
- D) бұлтты технологиялар
- E) цифрлық технологиялар

10. Интерактивті формадағы оқытуды қамтамасыз ететін оқыту пәндерінің электронды оқу-әдістемелік кешені – бұл:

- A) цифрлық білім беру контенті
- B) жасанды интеллект
- C) телекоммуникациялық технологиялар
- D) бұлтты технологиялар
- E) цифрлық технологиялар